SONY

4-460-924-**12**(1) (KZ)

Үй аудио жүйесі

Пайдалану нұсқаулығы

(1)

©2013 Sony Corporation

CMT-S20

KZ

http://www.sony.net/

ЕСКЕРТУ

Өрт қаупін азайту үшін құрылғының желдететін саңылауын газетпен, дастарқанмен, пердемен және тағы басқа нәрселермен жаппаңыз.
Құрылғыны ашық от көзіне (мысалы, шам) ұстамаңыз.

Өрт пен тоқ соғу қаупін азайту үшін құрылғыға су тамшылатпаңыз немесе шашыратпаңыз және құрылғының үстіне құмыра сияқты сұйықтық толтырылған ыдыстар қоймаңыз.

Құрылғыны сөре немесе шкаф сияқты тар орынға орналастырмаңыз.

Штепсель құрылғыны ток көзінен ажырату үшін пайдаланылатындықтан, құрылғыны оңай қол жетімді айнымалы ток розеткасына қосыңыз. Құрылғыда қалыптан тыс нәрсе байқасаңыз, штепсельді айнымалы ток розеткасынан бірден сыйырыңыз.

Батареяларды немесе батареясы бар құрылғыларды күн көзі мен от сияқты қатты ыстыққа шығармаңыз.

Құрылғының өзі өшіп тұрса да, ол айнымалы ток розеткасына қосылғандықтан ток көзінен ажыратылмаған.

АБАЙЛАҢЫЗ

Өніммен бірге оптикалық құралдарды пайдалану көздің зақымдалуын арттырады.

CLASS 1 LASER PRODUCT
LUOKAN 1 LASERLAITE
KLASS 1 LASERAPPARAT

Бұл құрылғы 1-КЛАСС ЛАЗЕРЛІ өнім ретінде санатталған. Бұл белгі артқы жақта болады.

Тұтынушыларға ескерту: келесі ақпарат тек ЕО директивалары қолданылатын елдерде сатылған құрылғыға қатысты болып табылады.

Бұл өнім Sony корпорациясы (1-7-1 Konan Minato-ku Tokyo, 108-0075 Japan) тарапынан немесе оның атынан өндірілген. Еуропалық Одақ заңы негізінде өніммің сәйкестігіне қатысты сұрақтар құзыретті өкілдікке жіберіледі, Sony Deutschland GmbH, Хеделфингер Штрассе 61, 70327 Штуттгарт, Германия. Қызмет көрсету немесе кепілдікке қатысты сұрақтар үшін жеке қызмет көрсету немесе кепілдік құжаттарында берілген мекенжайларға хабарласыңыз.

Ескі электр немесе электрондық жабдықты тастау (Еуропалық Одақта және бөлек жинау жүйелері бар басқа Еуропа елдерінде қолданылады)

Өнімдегі немесе оның орамындағы таңба тұрмыстық қалдық ретінде қарастырылмауы керектігін білдіреді. Оның орнына ол электр және электрондық жабдықты қайта өңдейтін орындарға жеткізілуі керек. Өнімнің дұрыс тасталғанын қамтамасыз ете отырып, өнімнің қалдығы дұрыс тасталмағандығы салдарынан болатын қоршаған орта мен адам денсаулығына келетін теріс әсерлердің алдын аласыз. Материалдарды қайта өңдеу табиғи ресурстарды қорғауға көмектеседі. Өнімді қайта өңдеу туралы толық ақпарат алу үшін жергілікті қалалық кеңсеге, тұрмыстық қалдықтарды тастайтын орынға немесе өнімді сатып алған дүкенге хабарласыңыз. Қолданылатын керек-жарақтар: Қашықтан басқару құралы

Тек Европа

Пайдаланылған батареяларды тастау (Еуропалық Одақта және бөлек жинау жүйелері бар басқа Еуропа елдерінде қолданылады)

Pb

Батареядағы немесе оның орамындағы таңба өніммен берілген батареяның тұрмыстық қалдық ретінде қарастырылмауы керектігін білдіреді.
Белгілі батареяларда бұл таңба химиялық таңбамен бірге қолданылуы мүмкін.
Егер батареяның құрамында 0,0005%-дан артық сынап немесе 0,004%-дан артық қорғасын болса, сынап үшін (Hg), қорғасын үшін (Pb) таңбасы қойылады.
Бұл батареялардың дұрыс тасталғанын қамтамасыз ете отырып, батареяның қалдығы дұрыс тасталмағандығы салдарынан болатын қоршаған орта мен адам денсаулығына келетін теріс әсерлердің алдын аласыз. Материалдарды қайта өңдеу табиғи ресурстарды қорғауға көмектеседі.
Өнімдердің қауіпсіздігі, өнімділігі немесе деректерді біріктіру үшін өндірілген батареямен тұрақты түрде қосылып тұруы қажет болған жағдайда батарея рұқсат етілген қызмет көрсету мамандары арқылы ауыстырылуы керек. Батареяның дұрыс өңделуін қамтамасыз ету үшін оның пайдалану мерзімі аяқталған кезде электр немесе электрондық жабдықтарды қайта өңдеп жинайтын орынға жіберіңіз.
Барлық басқа батареяларды өнімнен қауіпсіз түрде шығару үшін батарея салатын бөлімді қараңыз. Қалдық батареяларды қайта өңдеу үшін сәйкес қайта өңдейтін орындарға жіберіңіз.
Өнімді немесе батареяны қайта өңдеу туралы толық ақпарат алу үшін жергілікті қалалық кеңсеге, тұрмыстық қалдықтарды тастайтын орынға немесе өнімді сатып алған дүкенге хабарласыңыз.

DualDisc дискісіндегі ескерту

DualDisc дискісі дегеніміз бір бетіне DVD форматында жазылған материал және екінші бетіне аудио материал жазылған екі жақты диск. Алайда, аудио материалы бар беті Compact Disc (CD) стандартына сәйкес келмегендіктен бұл өнімді ойнатуға кепілдік берілмейді.

Музыкалық дискілер авторлық құқықты қорғау технологиясымен қорғалған

Бұл өнім Compact Disc (CD) стандартын қолдайтын дискілерді ойнату үшін жасалған. Соңғы кезде авторлық құқықтарды қорғау технологияларымен қорғалған әр түрлі дискілерді кейбір дыбыс жазу компаниялары сатады. Сол дискілердің арасында CD стандартына сәйкес келмейтін және осы өнім ойнатпайтын дискілердің болатынынан хабардар болыңыз.

Лицензия мен сауда белгісі жөнінде ескерту

- MPEG Layer-3 аудио кодтау технологиясы мен патенттері Fraunhofer IIS және Thomson арқылы лицензияланған.
- Windows Media тіркелген сауда белгісі немесе Америка Құрама Штатындағы және/немесе басқа елдердегі Microsoft корпорациясының сауда белгісі болып табылады.
- Бұл өнімде Microsoft корпорациясының белгілі зияткерлік меншік құқықтарына қатысты технология бар. Бұл технологияны өнімнен тыс жерде Microsoft корпорациясының сәйкес лицензияларынсыз пайдалануға немесе таратуға тыйым салынады.
- Барлық басқа сауда белгілері мен тіркелген сауда белгілері өздерінің иесіне тиесілі. Бұл нұсқаулықта ™ және ® белгілері көрсетілмеген.

Құрылғы



Қашықтан басқару құралы



Бұл нұсқаулықта қашықтан басқару құралын пайдалану әрекеттері туралы берілген, бірақ кейбір әрекеттер құрылғыдағы бірдей немесе ұқсас атаулары бар түймелер арқылы орындалады.

Қашықтан басқару құралын пайдалану

Батарея бөлімінің қақпағын ысырып ашыңыз да R6 (өлшемі AA) батареясын (берілмеген) төменде көрсетілген полярлықты сақтай отырып, алдымен ⊖ жағын қаратып салыңыз.



Қашықтан басқару құралын пайдалану жөнінде ескерту

- Қалыпты жағдайда пайдаланған жағдайда батарея шамамен алты айға жетеді.
- Егер қашықтан басқару құралын ұзақ уақыт бойы пайдаланбасаңыз, батарея сұйықтығының зақымдауы мен коррозияның алдын алу үшін оны алып тастаңыз.

Жүйені пайдалану

1 Ықшам диск механизмін қорғау үшін дискіні алып қойыңыз.
2 Жүйені өшіру үшін қырылғыдағы I/⏻ (on/standby) 10 түймесін басып, «STANDBY» түймесінің жыпылықтауының тоқтағанына көз жеткізіңіз.
3 Қуат сымын суырыңыз.

Сағатты қою

1 Жүйені қосу үшін I/⏻ 10 түймесін басыңыз.
2 Сағат қою режимін орнату үшін TIMER MENU 25 түймесін басыңыз.
Егер «SELECT» жазуы шықса, «CLOCK» таңдау үшін ⏮/⏭ 5 түймесін қайталап басыңыз, содан кейін ⊕ (enter) 16 түймесін басыңыз.
3 Сағатты қою үшін ⏮/⏭ 5 түймесін қайталап басыңыз, содан кейін ⊕ 16 түймесін басыңыз.
4 Минутты қою үшін сол әрекетті қолданыңыз.

Ескерту
Қуат сымын ажыратсаңыз немесе қуат беруде ақау болса, сағаттың параметрлері жоғалады.

Жүйе өшірулі болған кезде сағатты көрсету

DISPLAY 23 түймесін басыңыз. Сағат шамамен 8 секунд көрсетіледі.

Жұмысты бастау



Ⓐ FM антеннасы (Көлденеңінен салыңыз.)
Ⓑ Оң динамикке
Ⓒ Сол динамикке
Ⓓ Динамик сымы (Қызыл/⊕)
Ⓔ Динамик сымы (Қара/⊖)
Ⓕ Қабырға розеткасына

A АНТЕННА

Антеннаны орнатқан кезде жақсы қабылдайтын орынды және бағдарды табыңыз.
Шуыл болмау үшін антеннаны динамиктің және қуат сымынан алшақ ұстаңыз.

B AUDIO IN ұяшығы

Сыртқы аудио компонентін қосыңыз.

C ДИНАМИКТЕР

Динамик сымдарын жалғаңыз.

D Қуат

Қуат сымын қабырға розеткасына қосыңыз.

Динамик тұғырларын бекіту

Динамиктердің сырғып кетуін болдырмау үшін олардың әр бұрышына берілген динамик тұғырларын бекітіңіз.



Әрекеттер

CD/MP3/WMA дискілерін ойнату

1 CD функциясын таңдаңыз.
CD 22 түймесін басыңыз.
2 Дискіні салыңыз.
Құрылғыдағы ⏏ 6 түймесін басып, дискінің бетін жоғары қаратып дискіенгізгіге салыңыз.
Дискіенгізгіні жабу үшін құрылғыдағы ⏏ 6 түймесін басыңыз.
3 Ойнатуды бастаңыз.
CD-DA дискілерінің ойнатылуы автоматты түрде басталады.
MP3/WMA дискілерін ойнату үшін ► (play) 2 түймесін басыңыз.

Басқа әрекеттер

Орындалатын әрекеттер	Басылатын түймелер
Ойнатуды тоқтата тұру	❚❚ (pause) 2 түймесін басыңыз. Ойнатуды жалғастыру үшін ► 2 түймесін басыңыз.
Ойнатуды тоқтату	■ (stop) 3 түймесін екі рет басыңыз.
MP3/WMA дискісіндегі қалтаны таңдау	🗀 (select folder) +/🗀 – 20 түймесін қайталап басыңыз.
Тректі немесе файлды таңдау	⏮ (go back)/⏭ (go forward) 5 түймелерін басыңыз.
Тректе немесе файлда қажетті жерді табу	Ойнату кезінде ◄◄ (rewind)/►► (fast forward) 5 түймесін басып ұстап тұрыңыз, қажетті жерге келген кезде жіберіңіз.
Қайта ойнатуды таңдау	«RPT 1», «RPT FLDR*» немесе «RPT ALL» жазулары шыққанша REPEAT 17 түймесін қайталап басыңыз.

* Тек MP3/WMA дискілері

Ойнату режимін өзгерту

Ойнатқыш тоқтағанша PLAY MODE 14 түймесін қайталап басыңыз. Қалыпты ойнатуды (дискінің қалтасындағы барлық MP3/WMA файлдары үшін «FLDR»), кездейсоқ ретте ойнатуды (кездейсоқ қалта үшін «SHUF» немесе «FLDRSHUF») немесе бағдарламаны ойнатуды («PROGRAM») таңдауыңызға болады.

Қайта ойнату жөнінде ескерту

«RPT 1» бір тректің немесе файлдың ойнатуды тоқтатқанға дейін қайталанатынын көрсетеді.

MP3/WMA дискілерін ойнату жөнінде ескертулер

- MP3/WMA файлдары бар дискіде тректер мен файлдардың басқа түрлерін немесе қажетсіз қалталарды сақтамаңыз.
- MP3/WMA файлдары жоқ қалталар өткізіліп жіберіледі.
- MP3/WMA файлдары дискіге жазылған реті бойынша ойнатылады.
- Бұл жүйемен тыңдайтын аудио форматтар мынадай:
  – MP3: файл кеңейтімі «.mp3»
  – WMA: файл кеңейтімі «.wma»
- Файлдың атауында дұрыс файл кеңейтімі көрсетілсе де нақты файл басқа болса, файл жүйенің зақымдалуына әкелетін қатты шуыл шығаруы мүмкін.
- Қалталар мен файлдардың ең көп саны:
  – қалталар 256 (түпкі қалтаны қоса).
  – MP3/WMA файлдары 999.
  – қалтаның деңгейлері (файлдардың тармақ құрылымы) 8.
- Барлық MP3/WMA кодтауымен/жазу бағдарламалық құралымен, жазу құрылғыларымен және жазу құралдарымен үйлесімді болуына кепілдік берілмейді. Үйлеспейтін MP3/WMA дискілер шуыл немесе үзік дыбыстар шығаруы немесе мүлдем ойнатылмауы мүмкін.

Көп сессиялы дискілерді ойнату жөнінде ескерту

Жүйе дискідегі созылмалы сессиялар бірінші сессия ретінде сол сессияда жазылған жағдайда ойнатылады. Жазылған сессияның басқа сессия форматында жазылғаны кездессе, сол сессия және содан кейінгі сессия ойнатылмайды.
Егер сессиялар бірдей форматта жазылса да, кейбір сессиялардың ойнатылмайтынын ескеріңіз.

Радио тыңдау

1 FM функциясын таңдаңыз.
FM 22 түймесін басыңыз.
2 Толқынды реттеңіз.

Автоматты түрде іздеу

«AUTO» жазуы шыққанша TUNING MODE 14 түймесін қайталап басыңыз, содан кейін TUNING+/TUNING– 5 түймесін басыңыз.
Станция табылған кезде іздеу автоматты түрде тоқтайды.

FM 87.50

Егер іздеу тоқтамаса, оны тоқтату үшін ■ 3 түймесін басыңыз, содан кейін қолмен реттеңіз (төменде).

Қолмен реттеу

«MANUAL» жаззуы шыққанша TUNING MODE 14 түймесін қайталап басыңыз, содан кейін қалаған станцияға қою үшін TUNING+/TUNING– 5 түймесін қайталап басыңыз.

RDS қызметтерін ұсынатын станцияға қойған кезде дисплейде станцияның атауы шығады (тек Европалық модель).

Кеңес
Әлсіз FM стерео станциясында атмосфералық кедергілерді азайту үшін FM MODE 12 түймесін «MONO» жазуы шығып тұрған кезде қабылдауды өшіргенше қайталап басыңыз. Стерео әсері жоғалады, бірақ қабылдау жақсарады.

Радио станцияларды алдын ала орнату

1 Қалаған станцияға қойыңыз.
2 Тюнер жады режимін таңдау үшін TUNER MEMORY 21 түймесін басыңыз.

P 03

3 Қалаған алдын ала қойылатын санды таңдау үшін PRESET+/PRESET– 5 түймесін қайталап басыңыз.
Егер басқа станция таңдалған санға қойылған болса, станция жаңа станциямен жаңартылады.
4 Станцияны сақтау үшін ⊕ 16 түймесін басыңыз.
5 Басқа станцияларды сақтау үшін 1-ден 4-ке дейінгі қадамдарды қайталаңыз.
20 FM станцияларға дейін алдын ала орнатуыңызға болады. Қуат сымын ажыратсаңыз немесе қуат ақауы болса, алдын ала орнатылған станциялар жарты күнге дейін сақталады.

Алдын ала орнатылған радио станцияны реттеу

Егер радио станцияны алдын ала белгіленген 1-ден 6-ға дейінгі санға тіркесеңіз, жүйе функциясы FM жиілігіне қойылған кезде радио станция TUNER MEMORY NUMBER (1 to 6) 13 түймесін басу арқылы реттеледі.
Егер радио станцияны алдын ала белгіленген 7 немесе одан жоғары санға тіркесеңіз, «PRESET» жазуы шыққанша TUNING MODE 14 түймесін қайталап басыңыз, содан кейін алдын ала белгіленген санды таңдау үшін PRESET+/PRESET– 5 түймесін қайталап басыңыз.

USB құрылғысының файлын ойнату

Бұл жүйеде ойнатылатын аудио форматы MP3/WMA* болып табылады.

* DRM (Сандық құқықтар басқармасы) авторлық құқық қорғауы бар файлдар бұл жүйеде ойнатылмайды.
Онлайн музыкалық дүкеннен жүктелген файлдар бұл жүйеде ойнатылмайды.

Үйлесімді USB құрылғылары туралы толық ақпарат үшін төмендегі веб-сайттарды қараңыз.
Еуропадағы тұтынушылар үшін:
http://support.sony-europe.com/
Латын Америкасындағы тұтынушылар үшін:
http://esupport.sony.com/LA
Басқа елдердегі/аймақтардағы тұтынушылар үшін:
http://www.sony-asia.com/support

1 USB функциясын таңдаңыз.
USB 22 түймесін басыңыз.
2 USB құрылғысын ⭠ (USB) портына 9 жалғаңыз.
3 Ойнатуды бастаңыз.
► 2 түймесін басыңыз.

Басқа әрекеттер

Орындалатын әрекеттер	Басылатын түймелер
Ойнатуды тоқтата тұру	❚❚ 2. Ойнатуды жалғастыру үшін ► 2 түймесін басыңыз.
Ойнатуды тоқтату	■ 3. Ойнатуды жалғастыру үшін ► 2* түймесін басыңыз. Ойнатуды жалғастырудан бас тарту үшін ■ 3 түймесін қайталап басыңыз.
Қалтаны таңдау	🗀 +/🗀 – 20 түймесін қайталап басыңыз.
Файлды таңдау	⏮/⏭ 5.
Файлда қажетті жерді табу	Ойнату кезінде ◄◄/►► 5 түймесін басып ұстап тұрып, қажетті жерге келген кезде жіберіңіз.
Қайта ойнатуды таңдау	«RPT 1», «RPT FLDR» немесе «RPT ALL» жазулары шыққанша REPEAT 17 түймесін қайталап басыңыз.

* VBR MP3/WMA файлын ойнату кезінде жүйе ойнатуды басқа жерден жалғастыруы мүмкін.

Ойнату режимін өзгерту

USB құрылғысы тоқтағанша PLAY MODE 14 түймесін қайталап басыңыз. Қалыпты ойнатуды (USB құрылғысының қалтасындағы барлық файлдар үшін «FLDR»), кездейсоқ ретте ойнату үшін (кездейсоқ қалта үшін «SHUF» немесе «FLDRSHUF») немесе бағдарламаны ойнатуды («PROGRAM») таңдауыңызға болады.

Қайта ойнату жөнінде ескерту

«RPT FLDR» USB құрылғысындағы барлық аудио файлдың ойнатуды тоқтатқанға дейін қайталанатынын көрсетеді.

Ескертулер

- USB кабелін жалғау қажет болған кезде USB құрылғысымен бірге берілген USB кабелі жалғануы керек. Әрекеттің әдісіндегі толық мәліметтер алу үшін қосылатын USB құрылғысымен бірге берілетін әрекет нұсқаулығын қараңыз.
- Бұл жалғанған USB құрылғысының түріне байланысты «SEARCH» жазуы шықпас бұрын 10 секунд алуы мүмкін.
- Жүйені және USB құрылғысын USB хабы арқылы жалғамаңыз.
- USB құрылғысы салынған кезде жүйе USB құрылғысындағы барлық файлдарды оқиды. Егер USB құрылғысында бірнеше қалталар немесе файлдар болса, USB құрылғысын оқуды аяқтау ұзақ уақыт алуы мүмкін.
- Кейбір жалғанған USB құрылғыларда, әрекет орындалғаннан кейін, бұл жүйе арқылы орындалмастан бұрын кейінге қалдырылуы мүмкін.
- Барлық қодтау/жазу бағдарламалық құралымен үйлесімді болуына кепілдік берілмейді. Егер USB құрылғысындағы аудио файл үйлесімді бағдарламалық құралмен қодталған болса, ол файлдар шуыл немесе үзік дыбыстар шығаруы немесе мүлдем ойнатылмауы мүмкін.
- Бұл жүйе аудио файлдарды USB құрылғысында мына жағдайларда ойнатпайды;
  – қалтадағы аудио файлдардың саны 999-дан асса.
  – USB құрылғысындағы аудио файлдардың жалпы саны 999-дан асса.
  – USB құрылғысындағы қалталардың саны 256-дан асса («ТҮПКІ» қалтаны және бос қалталарды қоса).
  Бұл сандар файл мен қалтаның құрылымына байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Аудио файлдары бар USB құрылғысында файлдардың басқа түрлерін немесе қажетсіз қалталарды сақтамаңыз.
- Жүйе тек 8 қалтаға дейінгі терендіктегі қалтаны ойнатады.
- Жүйе жалғанған USB құрылғысында берілген барлық функцияларды қолдамайды.
- Файлдар мен қалталар USB құрылғысында жасалған реті бойынша көрсетіледі.
- Аудио файлдары жоқ қалталар өткізіліп жіберіледі.
- Бұл жүйемен тыңдайтын аудио форматтар мынадай:
  – MP3: файл кеңейтімі «.mp3»
  – WMA: файл кеңейтімі «.wma»
  Файлдың атауында дұрыс файл кеңейтімі көрсетілсе де, нақты файл басқа болса да, жүйе қатты шуыл шығаруы мүмкін немесе дұрыс жүйыс істемеуі мүмкін.

Жүйені батарея зарядтау құралы ретінде пайдалану

Жүйені қосулы кезде қайта зарядтау функциясы бар USB құрылғылары үшін батарея зарядтау құралы ретінде пайдалануыңызға болады. Зарядтау USB құрылғысы ⭠ (USB) портына 9 жалғанған кезде басталады. USB құрылғысының дисплейінде зарядтау күйі көрсетіледі. Толық мәлімет алу үшін USB құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

USB құрылғысын жүйемен зарядтау жөнінде ескерту

- Жүйе өшірулі тұрғанда оны батарея зарядтау құралы ретінде пайдалана алмайсыз.
- Кейбір USB құрылғылар жүйе USB функциясында болғанда ғана зарядталады.

Жеке бағдарлама жасау (Бағдарламаны ойнату)

1 CD немесе USB функциясын таңдаңыз.
CD 22 немесе USB 22 түймесін басыңыз.

2 Ойнату режимін таңдаңыз.
Ойнатқыш тоқтап «PROGRAM» жазуы шыққанша PLAY MODE 14 түймесін қайталап басыңыз.

3 Қалаған трек немесе файлы нөмірін таңдаңыз.
Қалаған трек немесе файлдың нөмірі шыққанша ⏮/⏭ 5 түймесін қайталап басыңыз.
MP3/WMA файлдарын бағдарламалау кезінде қалаған қалтаны таңдау үшін 🗀 +/🗀 – 20 түймесін қайталап басыңыз, содан кейін қалаған файлды таңдаңыз.



Таңдалған трек немесе файл нөмірі — Таңдалған тректің немесе файлдың толық ойнатылу уақыты (тек CD-DA дискісі)

4 Таңдалған тректі немесе файлды бағдарламалаңыз.
Таңдалған тректі немесе файлды енгізу үшін ⊕ 16 түймесін басыңыз.

5 Қосымша тректерді немесе файлдарды, 64 трек немесе файлды бағдарламалау үшін 3-тен 4-ке дейінгі қадамдарды қайталаңыз.

6 Тректер немесе файлдар бағдарламасын ойнату үшін ► 2 түймесін басыңыз.
Бағдарлама мына әрекеттерді орындағанға дейін қол жетімді күйде қалады:
– функцияны өзгерту.
– жүйені өшіру.
– қуат сымын ажырату.
– ықшам диск бөлімін ашу.
Сол бағдарламаны қайта ойнату үшін ► 2 түймесін басыңыз.

Бағдарлама ойнатудан бас тарту
PLAY MODE 14 түймесін басыңыз.

Бағдарламадағы соңғы тректі немесе файлды жою
Ойнатқыш тоқтағанша CLEAR 18 түймесін басыңыз.

Қосымша аудио компоненттерді пайдалану

1 Дыбыс көзін дайындаңыз.
Қосымша аудио компонентін аудио аналогтық сымы (берілмеген) арқылы құрылғыдағы AUDIO IN ұяшығына B жалғаңыз.

2 Дыбыс деңгейін төмендетіңіз.
VOLUME – 8 түймесін басыңыз.

3 AUDIO IN функциясын таңдаңыз.
AUDIO IN 22 түймесін басыңыз.

4 Ойнатуды бастаңыз.
Қосылған компонентті ойнатуды бастап, дыбыс деңгейін реттеңіз.

Ескерту
Жүйе қосылған компоненттің деңгейі төмен болса, автоматты түрде күту режимін енгізуі мүмкін. Компоненттің дыбыс деңгейін реттеңіз. «Автоматты күту режимі функциясын өшіру» бөлімін қараңыз.

Дыбысты реттеу

Орындалатын әрекеттер	Басылатын түймелер
Дыбыс деңгейін реттеу	VOLUME +/– 8 түймесін басыңыз.
Қаттырақ динамикалық дыбыс шығару	BASS BOOST 15 түймесін басыңыз.
Дыбыс әсерін орнату	Қалаған дыбыс әсері шыққанша EQ 4 түймесін қайталап басыңыз.

Дисплейді өзгерту

Орындалатын әрекеттер	Басылатын түймелер
Дисплейдегі ақпаратты өзгерту*	Жүйе қосулы болған кезде DISPLAY 23 түймесін қайталап басыңыз.
Жүйе өшірулі болған кезде сағатты тексеру	Жүйе өшірулі болған кезде DISPLAY 23 түймесін басыңыз. Сағат шамамен 8 секунд көрсетіледі.

* Мысалы, CD/MP3/WMA дискісі туралы ақпаратты немесе USB құрылғысы туралы ақпаратты көре аласыз. Олар төмендегідей;
– қалыпты жағдайда ойнату кезіндегі тректің немесе файлдың нөмірі.
– қалыпты жағдайда ойнату кезіндегі тректің, файлдың немесе тақырып атауы.
– қалыпты жағдайда ойнату кезіндегі орындаушының аты.
– қалыпты жағдайда ойнату кезіндегі альбомның немесе қалтаның атауы.
– CD-DA дискісіндегі жалпы ойнату уақыты мен тректердің жалпы саны (қалыпты жағдайда ойнату режимі таңдалған және ойнатқыш тоқтатылған кезде).
– MP3/WMA дискісіндегі немесе USB құрылғысындағы қалталардың (альбомдардың) жалпы саны (қалыпты жағдайда ойнату режимі таңдалған және ойнатқыш тоқтатылған кезде).

Дисплейдегі ақпарат жөнінде ескерту
- Көрсетілмейтін таңбалар «–» ретінде көрсетіледі.
- Келесілер көрсетілмейді;
  – MP3/WMA дискісі мен USB құрылғысындағы жалпы ойнату уақыты.
  – MP3/WMA файлының қалған ойнату уақыты.
- Келесілер дұрыс көрсетілмейді;
  – VBR (айнымалы бит жылдамдығы) арқылы кодталған MP3/WMA файлын ойнатудағы өтетін уақыт.
  – Кеңейту форматындағы ISO9660 1-деңгейіне, 2-деңгейіне немесе Joliet кеңейтіміне сәйкес келмейтін қалта мен файл атаулары.
- Келесілер көрсетіледі;
  – тректің ойнатылуындағы қалған уақыт.
  – ID3 1-нұсқасындағы және 2-нұсқасындағы теггер пайдаланылған кездегі MP3 файлдарының ID3 тегі туралы ақпарат (ID3 2-нұсқасы туралы ақпаратты көрсету ID3 1-нұсқасындағы және 2-нұсқасындағы теггер бір MP3 файлына пайдаланылған кезде басымдыққа ие болады).
  – ID3 тегі туралы ақпаратының 31 таңбаға дейінгі таңбаны, бас әріптері (А-Я), сандарды (0-9) және таңбаларды (+ – . / [ ] _ | ~) қолдануы.

Таймерлерді пайдалану

Жүйе екі таймер функциясын ұсынады.
Егер екі таймерді пайдалансаңыз, Ұйқы таймері басымдыққа ие.

Ұйқы таймері:
Музыкамен ұйықтасаңыз болады. Бұл функция сағат қойылмаған болса да жұмыс істейді.
SLEEP 24 түймесін қайталап басыңыз.
Егер «AUTO» опциясын таңдасаңыз, жүйе ағымдағы дискіні немесе USB құрылғысын автоматты түрде немесе 100 минут ішінде тоқтатады.

Ойнату таймері:
Алдын ала белгіленген уақытта ықшам дискіге, FM қабылдауына, USB құрылғысына немесе AUDIO IN ұяшығына B қосылған аудио компонентіне ояныңызға болады.
Сағатты қойғаныңызға көз жеткізіңіз.

1 Дыбыс көзін дайындаңыз.
Дыбыс көзін дайындаңыз, содан кейін дыбысты реттеу үшін VOLUME +/– 8 түймесін басыңыз.
Арнайы ықшам диск трегінен немесе аудио файлдан бастау үшін жеке бағдарламанызды жасаңыз.

2 Таймерді орнату режимін таңдаңыз.
TIMER MENU 25 түймесін басыңыз.
Егер сағат қойылмаса, жүйе сағат қою режимінде болады. Ондай жағдайда сағатты қойыңыз.

3 Ойнату таймерін орнатыңыз.
«PLAY SET» таңдау үшін ⏮/⏭ 5 түймесін қайталап басыңыз, содан кейін ⊕ 16 түймесін басыңыз.

4 Ойнатуды бастау үшін уақытты белгілеңіз.
Сағатты қою үшін ⏮/⏭ 5 түймесін қайталап басыңыз, содан кейін ⊕ 16 түймесін басыңыз. Минутты қою үшін жоғарыдағы әрекетті қолданыңыз.

5 Ойнатудың тоқтау уақытын белгілеу үшін 4-қадамдағы әрекеттегідей әрекетті қолданыңыз.

6 Дыбыс көзін таңдаңыз.
Қалаған дыбыс көзі шыққанша ⏮/⏭ 5 түймесін қайталап басыңыз, содан кейін ⊕ 16 түймесін басыңыз.

7 Жүйені өшіру.
I/⏻ 10 түймесін басыңыз. Жүйе алдын ала белгіленген уақыттан бұрын автоматты түрде қосылады.
Егер жүйе алдын ала орнатылған уақытта қосулы болса, Ойнату таймері жұмыс істемейді. Ойнату басталмайынша жүйені қосылатын уақыттан бастап пайдаланбаңыз.

Параметрді тексеру
1 TIMER MENU 25 түймесін басыңыз.
2 «SELECT» таңдау үшін ⏮/⏭ 5 түймесін қайталап басыңыз, содан кейін ⊕ 16 түймесін басыңыз.
3 «PLAY SEL» таңдау үшін ⏮/⏭ 5 түймесін қайталап басыңыз, содан кейін ⊕ 16 түймесін басыңыз.

Таймерден бас тарту
3-қадамда «OFF» жазуы шыққанша сол әрекетті қайталаңыз, содан кейін ⊕ 16 түймесін басыңыз.

Параметрді өзгерту
1-қадамнан бастаңыз.

Кеңес
Ойнату таймерінің параметрі қолмен өшірілмейінше сол күйде қалады.

Ақауларды жою

1 Қуат сымы мен динамик сымдарының дұрыс және мықты жалғанғанына көз жеткізіңіз.

2 Төмендегі тексеру тізімінен ақауды тауып, көрсетілген дұрыстау әрекетін орындаңыз.
Егер ақау кетпесе жақын орналасқан Sony дилеріне хабарласыңыз.

Егер дисплейде «PROTECT» жазуы шықса
Қуат сымын бірден суырыңыз және «PROTECT» жазуы кеткенней кейін келесі тармақтарды тексеріңіз.
- + және – динамик сымдары тұйықталып қалған ба?
- Жүйенің желдету саңылауларында бірдеңе тұрып қалған ба?

Жоғарыдағы тармақтарды тексеріп, барлығы қалыпты екенін білгненен кейін қуат сымын қайта жалғап жүйені қосыңыз. Егер ақау кетпесе, жақын орналасқан Sony дилеріне хабарласыңыз.

Жалпы

Жүйе қосылмайды.
- Қуат сымы қосылған ба?

Жүйе күтпеген жерден күту режимін қосқан.
- Бұл дұрыс жұмыс істемеуге жатпайды. Жүйе 30 минут шамасында ешқандай әрекет немесе аудио сигнал шықпаған кезде күту режимін автоматты түрде қосады. «Автоматты күту режимі функциясын өшіру» бөлімін қараңыз.

Сағат қою немесе Ойнату таймері әрекеті күтпеген жерден тоқтатылды.
- Егер бір минутта ешқандай әрекет орындалмаса, сағат қоюдан немесе Ойнату таймері параметрінен автоматты түрде бас тартылады. Әрекетті басынан бастап қайта орындаңыз.

Ешқандай дыбыс жоқ.
- + және – динамик сымдары тұйықталып қалған ба?
- Тек берілген динамиктерді пайдаланып жатсыз ба?
- Жүйенің желдету саңылауларында бірдеңе тұрып қалған ба?
- Орнатылған станция таратылымды уақытша тоқтатқан болуы мүмкін.

Дыбыс бір арнадан шығады, сол және оң жақтың дыбыстарында тепе теңдік жоқ.
- Динамиктерді мүмкіндігінше симметриялы етіп қойыңыз.
- Берілген динамиктерді ғана жалғаңыз.

Қатты гүіл немесе шуыл.
- Жүйені шуыл көздерінен алшақ алып тастаңыз.
- Жүйені басқа қабырға розеткасына қосыңыз.
- Қуат сымына шуыл сүзгісін (жеке сатылады) орнатыңыз.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді.
- Құрылғының қашықтан басқару құралы мен қашықтағы сенсор 11 арасындағы кедергілерді алып тастап, құрылғыны флуоресценті жарықтардан алыс қойыңыз.
- Қашықтан басқару құралын жүйенің сенсорына бағыттаңыз.
- Қашықтан басқару құралын жүйеге жақындатыңыз.

CD/MP3/WMA ойнатқышы

Дыбыс секіріп ойнайды немесе диск ойнатылмайды.
- Дискіні сүртіп, қайта салыңыз.
- Жүйені дірілдейтін орынған алып тастаңыз (мысалы, тұғырдың үстінен).
- Динамиктерді жүйеден алшақа жылжытыңыз немесе оларды жеке тұғырларға қойыңыз. Дыбыстың деңгейі жоғары болған кезде динамиктің дірілі дыбыстың секіріп кетуіне себеп болады.

Ойнату бірінші тректен басталмайды.
- «PROGRAM» және «SHUF» жазуы өшкенше PLAY MODE 14 түймесін қайталап басып, Қалыпты ойнату режиміне оралыңыз.

Ойнату бастау әдеттегіден көп уақыт алады.
- Келесі дискілер ойнатуды бастау уақытын көбейтуі мүмкін;
  – күрделі тармақ құрылымымен жазылған диск.
  – көп сессия режимімен жазылған диск.
  – аяқталмаған диск (деректер қосылатын диск).
  – бірнеше қалталары бар диск.

CD/MP3/WMA ойнатқышы

Дыбыс секіріп ойнайды немесе диск ойнатылмайды.
- Дискіні сүртіп, қайта салыңыз.
- Жүйені дірілдейтін орынған алып тастаңыз (мысалы, тұғырдың үстінен).
- Динамиктерді жүйеден алшақа жылжытыңыз немесе оларды жеке тұғырларға қойыңыз. Дыбыстың деңгейі жоғары болған кезде динамиктің дірілі дыбыстың секіріп кетуіне себеп болады.

Ойнату бірінші тректен басталмайды.
- «PROGRAM» және «SHUF» жазуы өшкенше PLAY MODE 14 түймесін қайталап басып, Қалыпты ойнату режиміне оралыңыз.

Ойнату бастау әдеттегіден көп уақыт алады.
- Келесі дискілер ойнатуды бастау уақытын көбейтуі мүмкін;
  – күрделі тармақ құрылымымен жазылған диск.
  – көп сессия режимімен жазылған диск.
  – аяқталмаған диск (деректер қосылатын диск).
  – бірнеше қалталары бар диск.

USB құрылғысы

Жалғанған USB құрылғысы зарядталмайды.
- USB құрылғысының дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Кейбір USB құрылғылар жүйе USB функциясында болғанда ғана зарядталады.

Қолдау көрсетілетін USB құрылғысын пайдаланып жатсыз ба?
- Егер қолдау көрсетілмейтін USB құрылғысын қоссаңыз, мына ақаулар болуы мүмкін. «USB құрылғысының файлын ойнату» бөлімінде берілген URL мекенжайлары арқылы веб-сайтта үйлесімді USB құрылғылары туралы ақпаратты қараңыз.
  – USB құрылғысы танылмады.
  – Файл немесе қалта атаулары жүйеде көрсетілмейді.
  – Ойнату мүмкін емес.
  – Дыбыс секіріп кетеді.
  – Шуыл шығады.
  – Сапасы бүлінген дыбыс шығады.

«OVER CURRENT» жазуы шығады.
- Ақау ⭠ (USB) портынан 9 шығатын тоқтың деңгейінен табылды. Жүйені өшіріп, USB құрылғысын ⭠ (USB) портынан 9 алыңыз. USB құрылғысында ешқандай ақаудың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Егер дисплейдегі көрсеткіш кетпесе жақын орналасқан Sony дилеріне хабарласыңыз.

Ешқандай дыбыс жоқ.
- USB құрылғысы дұрыс қосылмаған. Жүйені өшіріп, USB құрылғысын қайта қосыңыз.

Шуыл, секіру немесе сапасы бүлінген дыбыс жоқ.
- Жүйені өшіріп, USB құрылғысын қайта қосыңыз.
- Музыка деректерінің өзінде шуыл, немесе дыбыстың сапасы бүлінген. Шуыл музыка деректерін жасау кезінде компьютердегі параметрлерге байланысты енгізілген болуы керек. Музыка деректерін қайта жасаңыз.
- Файлдарды кодтау төмен болған кезде бит жылдамдығы пайдаланылады. Жоғары жылдамдықпен кодталған файлдарды USB құрылғысына жіберіңіз.

«SEARCH» жазуы ұзақ уақыт көрсетіледі немесе ойнату басталмас бұрын ұзақ уақыт алады.
- Оқу процесі мына жағдайларда ұзақ уақыт алады.
  – USB құрылғысында көптеген қалталар немесе файлдар бар.
  – Файл құрылымы өте күрделі.
  – Жад мүмкіндігі шегінен асқан.
  – Ішкі жад бөлінген.

Қате дисплей.
- Музыка деректерін USB құрылғысына қайта жіберіңіз, USB құрылғысында сақталған деректер бұзылуы мүмкін.
- Жүйеде көрсетілетін таңба кодтары тек сандар мен алфавит болып табылады. Басқа таңбалар дұрыс көрсетілмейді.

USB құрылғысы танылмады.
- Жүйені өшіріп USB құрылғысын қайта жалғаңыз, содан кейін жүйені қосыңыз.
- «USB құрылғысының файлын ойнату». бөлімінде берілген URL мекенжайлары арқылы вебсайтта үйлесімді USB құрылғылары туралы ақпаратты қараңыз.
- USB құрылғысы дұрыс жұмыс істемейді. Бұл мәселені шешу үшін USB құрылғысы әрекеті нұсқаулығын қараңыз.

Ойнату басталмайды.
- Жүйені өшіріп USB құрылғысын қайта жалғаңыз, содан кейін жүйені қосыңыз.
- «USB құрылғысының файлын ойнату» бөлімінде берілген URL мекенжайлары арқылы вебсайтта үйлесімді USB құрылғылары туралы ақпаратты қараңыз.
- Ойнатуды бастау үшін ► 2 түймесін басыңыз.

Ойнату бірінші тректен басталмайды.
- Ойнату режимін Қалыпты ойнату режиміне қойыңыз.

Файлдар ойнатылмайды.
- Аудио файлдардың файл кеңейтімдері дұрыс болмауы мүмкін. Жүйе қолдайтын файл кеңейтімдері мынадай:
  – MP3: файл кеңейтімі «.mp3»
  – WMA: файл кеңейтімі «.wma»
- аудио файлдар MP3/WMA форматтарынан басқа форматта жасалған болуы мүмкін.
- FAT16 немесе FAT32 файлдық жүйеден басқа файлдық жүйелермен форматталған USB сақтау құрылғыларына қолдау көрсетілмейді.*
- Егер бөлінген USB сақтау құрылғысын пайдаласаңыз, тек бірінші бөліктегі файлдар ғана ойнатылады.
- Құпия сөзбен және тағы басқалармен кодталған немесе қорғалған файлдар ойнатылмайды.

* Бұл жүйе FAT16 және FAT32 файлдық жүйесін қолдайды, бірақ кейбір USB сақтау құрылғылары осы барлық FAT жүйелерін қолдамауы мүмкін. Толық мәліметтер алу үшін әр USB сақтау құрылғысының нұсқаулығын қараңыз немесе өндірушіге хабарласыңыз.

Тюнер

Қатты гүіл, шуыл немесе станциялар қабылданбайды.
- Антенناны дұрыстап жалғаңыз.
- Антенна жақсы қабылдау үшін басқа жерден көріңіз.
- Шуыл болмау үшін антеннаны динамиктің және қуат сымынан алшақ ұстаңыз.
- Жақын тұрған электр жабдығын өшіріңіз.

Бір уақытта бірнеше радио станциялар тыңдалуы мүмкін.
- Антенна жақсы қабылдау үшін басқа жерден көріңіз.
- Дүкенде сатылатын сым қыстырғыштарымен антеннаның сымын байлаңыз, мысалы, антенна сымының ұзындығын реттеңіз.

Жүйені зауыттық параметрлерге қою
Егер жүйе әлі дұрыс жұмыс істемей тұрса, жүйені зауыттық параметрлерге қойыңыз.

1 Қуат сымын ажыратып қайта қосыңыз, содан кейін жүйені қосыңыз.

2 Қашықтан басқару құралындағы ■ 3 түймесін және құрылғыдағы EQ 4 түймесін «RESET OK» жазуы шыққанша басып ұстап тұрыңыз.
Алдын ала қойылған радио станциялар, таймер және сағат сияқты барлық пайдаланушы орнатқан параметрлер жойылады.

Автоматты күту режимі функциясын өшіру
Бұл жүйе автоматты күту режимі функциясымен жабдықталған. Бұл функция арқылы жүйе 30 минут шамасында ешқандай әрекет немесе аудио сигнал шықпаған кезде күту режимін автоматты түрде қосады.
Әдепкісінше автоматты күту режимі функциясы қосылған.
Автоматты күту режимі функциясын өшіру үшін құрылғыдағы түймелерді пайдаланыңыз.
Жүйе қосулы кезінде «AUTO STANDBY OFF» жазуы шыққанша I/⏻ 10 түймесін басып ұстап тұрыңыз.
Функцияны қосу үшін «AUTO STANDBY ON» жазуы шыққанша әрекетті жалғастырыңыз.

Ескертулер
- Автоматты күту режимі функциясы FM функциясы үшін жарамды емес.
- Жүйе күту режимін мына жағдайларда автоматты түрде қоса алмайды;
  – аудио сигнал табылса.
  – USB құрылғысы қосылған кезде.
  – аудио тректер мен файлдарды ойнату кезінде.
  – Ойнату таймері мен Ұйқы таймерін алдын ала орнату кезінде.

Хабарлар

DISC ERR: Ойнатылмайтын диск салдыңыз.
FULL: 64-тен артық тректер немесе файлдар (қадамдар) бағдарламалағыңыз келді.
NO FILE: CD-R/CD-RW дискілерінде немесе USB құрылғысында ойнатылатын файлдар жоқ.
NO STEP: Бағдарламаланған барлық тректер өшірілді.
NO USB: Ешқандай USB құрылғысы қосылмады немесе қолдау көрсетілмейтін USB құрылғысы қосылған.
PLAY SET: Ойнату таймері орнатылмаған кезде таймерді таңдадыңыз.
PLS STOP: Ойнату кезінде PLAY MODE 14 түймесін бастыңыз.
SELECT: Таймер әрекеті кезінде TIMER MENU 25 түймесін бастыңыз.
TIME NG: Ойнату таймерді бастау және аяқтау уақыты бір уақытқа қойылған.

Алдын ала ескертулер

Жүйе ойнататын дискілер
- Аудио ықшам диск
- CD-R/CD-RW (аудио дерек/MP3/WMA файлдары)

Жүйе ойнатпайтын дискілер
- CD-ROM
- ISO9660 1-деңгей/2-деңгей немесе Joliet кеңейтіміне сәйкес келетін музыка CD форматында жазылғаннан басқа CD-R/CD-RW дискілері
- «Сессияны жабу» арқылы аяқталмаған көп сессияда жазылған CD-R/CD-RW дискілері
- сапасы нашар CD-R/CD-RW дискілері, сызаттары бар немесе кір CD-R/CD-RW дискілері, үйлеспейтін жазу құрылғысымен жазылған CD-R/CD-RW дискілері
- Дұрыс аяқталмаған CD-R/CD-RW дискілері
- MPEG 1 Audio Layer-3 (MP3)/WMA файлдарынан басқа файлдары бар дискілер
- Стандартты емес пішіндегі дискілер (мысалы, жүрек, шаршы, жұлдыз)
- Таспа, қағаз немесе жапсырма жапсырылған дискілер
- Желімі қабаттан шығып тұрған жапсырылған қабаттары бар жалға алынған немесе пайдаланылған дискілер
- Ұстаған кезде жабысқақ сиямен басып шығарылған сырты бар дискілер

Дискіге қатысты ескертулер
- Ойнатпас бұрын дискіні ортасынан шетіне қарай тазалағыш шүберекпен сүртіңіз.
- Дискілерді бензинмен, еріткішпен, дүкенде сатылатын тазалағыштармен немесе винил пластинкаларға арналған спреймен тазартпаңыз.
- Дискілерді тікелей күн көзіне немесе ыстық ауа құбыры сияқты ыстықтың көзіне шығармаңыз, күннің астына қойылған көліктің ішінде қалдырмаңыз.

Қауіпсіздікке қатысты
- Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, қуат сымын қабырға розеткасынан суырып қойыңыз. Құрылғыны суырған кезде штепсельді қатты қысып ұстаңыз. Ешқашан сымның өзін тартпаңыз.
- Жүйенің ішіне қатты зат немесе сұйықтық кіріп кетсе, жүйені қуат көзінен ажыратып, оны қайта қоспас бұрын маманға тексертіңіз.
- Айнымалы ток қуат сымын тек мамандаған қызмет көрсету орны ауыстыру керек.

Орынға қатысты
- Жүйені еңкейтіп немесе өте ыстық, суық, кір немесе дұрыс желдетілмейтін және дірілдейтін жерге, тікелей күн көзіне немесе қатты жарық көзіне қоймаңыз.
- Құрылғыны немесе динамиктерді арнайы тегістелген бетке (мысалы, балауызбен, маймен, жылтыратылған) қойған кезде абайлаңыз, бетке дақ немесе оның түсі зақымдалуы мүмкін.
- Егер жүйе суық жерден ыстық жерге апарылса немесе өте ылғал бөлмеге қойылса, CD ойнатқыштың ішіндегі линзада конденсат пайда болып, жүйенің дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда дискіні алып ылғал булағанша жүйені бір сағаттай қосулы күйде қалдырыңыз.

Қызуға қатысты
- Құрылғының қызуы қалыпты жағдай және оған қауіп ретінде қарамаңыз.
- Құрылғының сыртын ұстамаңыз, себебі ол жоғары кернеуде жұмыс істейді және ыстық болады.
- Желдететін саңылауларды жаппаңыз.

Динамик жүйесіне қатысты
Динамик жүйесі магнитпен қорғалмаған, қасында тұрған теледидардың суреті магнит әсерінен бүлінін көрсетіледі. Бұл жағдайда теледидарды өшіріп, 15 - 30 минут күтіңіз, кейін қайта қосыңыз.
Егер ешқандай өзгеріс болмаса, динамиктерді теледидардан алшақ қойыңыз.

Құрылғының сыртын тазалау
Жүйені тазалағыш сұйықтықпен кішкене ылғалданған жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Қатты бетті, тазалағыш ұнтақты немесе еріткіш, бензин немесе алкоголь сияқты сұйықтықты пайдаланбаңыз.

Сипаттамалары

Құрылғы
Күшейткіш бөлімі
Қуат шығысы (қалыпты):
4 ватт + 4 ватт (1 кГц 8 Ом, 1% THD)
Ұздіксіз RMS қуат шығысы (қатысты):
5 ватт + 5 ватт (1 кГц 8 Ом, 10% THD)

Кіріс
AUDIO IN (stereo mini jack) ұяшығы:
Сезімталдығы 1 Б, кедергісі 50 килоом

Шығыстар
ДИНАМИКТЕР: 8 Ом кедергіні қабылдайды

CD ойнатқыш бөлімі
Жүйе: Ықшам диск және сандық аудио жүйесі
Лазерлі диод сипаттары
Шығару ұзақтығы: Ұздіксіз
Лазер шығысы*: 44,6 μВ аз
* Бұл шығыс 7 мм апертуралық оптикалық жетектегі объектив линзасының 200 мм қашықтықтағы мән өлшемі.
Жиілік сипаты: 20 Гц — 20 кГц
Сигнал - шуыл қатынасы: 90 дБ-ден көп
Динамиканың диапазоны: 90 дБ-ден көп

Тюнер бөлімі
FM стерео, FM супергетеродинді тюнер
Антенна: FM антеннасы
Реттеу диапазоны:
87,5 МГц — 108,0 МГц (қадамы 50 кГц)

USB бөлімі
⭠ (USB) порты: A түрі, максималды ток 500 мА

Қолдау көрсетілетін аудио форматтар
Қолдау көрсетілетін деректер тасымалдау жылдамдығы:
MP3 (MPEG 1 Audio Layer-3):
32 кбит/с — 320 кбит/с, VBR
WMA: 32 кбит/с — 192 кбит/с, VBR
Үлгі жиіліктер:
MP3 (MPEG 1 Audio Layer-3): 32/44,1/48 кГц
WMA: 44,1 кГц

Динамиктер
Динамик жүйесі:
Толық ауқымы, диам.8 см, конус тәріздес
Қалыпты кедергі: 8 Ом
Өлшемдері (Е/Б/Қ):
Шамамен 148 мм × 240 мм × 127 мм
Салмағы:
Шамамен әр динамиктің таза салмағы 1,2 кг
Саны: 2 дана

Жалпы
Қуат көзіне қатысты талаптар: Айнымалы ток 120 В — 240 В, 50/60 Гц
Қуатты тұтыну: 18 ватт
Өлшемдері (Е/Б/Қ, шығыңқы жерлерін қоса) (динамиктерден басқа):
Шамамен 170 мм × 133 мм × 240 мм
Салмағы (динамиктерден басқа):
Шамамен 1,3 кг
Құрылғының саны: 1 дана

Берілген керек-жарақтар: Қашықтан басқару құралы (1), FM антеннасы (1), Динамик тұғырлары (8)

Дизайн мен сипаттамалар ескертусіз өзгертіледі.

- Күту режимінде қуатты тұтыну: 0,5 В
- Басып шығару монтаж тақталарында галогенделген өртten қорғау құралы пайдаланылмайды.